

Құлжанова Б.Р.

**Сөз мағыналарының өзгеру
себептері (Орта ғасыр түркі
жазба ескерткіштері бойынша)**

Көне түркі жазба ескерткіштерінің лексикасында да, қазіргі тілімізде де бір мағыналы сөздермен қатар, көп мағыналы сөздер жиі ұшырасады. Тілшілер сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болып, семантикалық өрісінің ұлғаюын көп мағыналылық деп таниды. Өзгеру мен даму тілдің лексикасындағы сөздердің мағыналық жағына да қатысты болады. Адамдар өзін қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды, олардың алуан түрлі сырлары мен белгілерін адамзат қоғамы даму барысында біртіндеп танып отырған. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттілігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі. Бұл мақалада XI-XII ғасырлардағы әдебиет ескерткіштері тіліндегі зат есім мағыналарының қалай кеңейіп, қалай тарылғанын сөз еткелі отырмыз.

Түйін сөздер: сөз мағынасы, мағына кеңеюі, мағына тарылуы, тарихи ескерткіштер, сыртқы фактор, ішкі фактор.

Kulzhanova B.R.

**Causes of the word meanings
change (On middle aged Turkic
written manuscripts)**

There were ambiguous words at the same time with unique words in old Turkic written manuscripts. Linguists consider extension of semantic field of the word and having more than one meaning as polysemy. Changing and development can occur to meaning of the word in language lexis. People became to know things and facts and their features and secrets of the surrounding world by the development of the society. Things which are recognized newly do not always cause appearance of new words. They are called by the names which had existed in word stock before, they take additional meaning to previous ones. The article considers the expansion and distribution of meanings of the nouns in literary monuments language in XI-XII centuries.

Kew words: meaning of the word, extension of the meaning, narrowing of the meaning, historical monuments, outer factor, inner factor.

Кулжанова Б.Р.

**Факторы изменения
значения слов
(По средневековым тюркским
письменным источникам)**

В лексике древних тюркских письменных источников, а также в современном языке наравне с однозначными словами мы можем встретить и многозначные слова. Языковеды способность одного слова иметь два или несколько значений, увеличение семантического поля называют многозначностью. Изменение и развитие языка также сказывается и на лексическом значении слова. Люди постепенно, с развитием человеческого общества, узнавали вещи и явления, различные секреты и знаки окружающей их среды. Не всегда необходимость новых познанных вещей и явлений иметь название приводило к появлению новых слов. Эти слова часто именуется словами, уже имеющимися в словарном запасе, и добавляют к нему новое значение. В этой статье мы хотим рассказать о том, как расширялось и уменьшалось значение существительного в языке литературных памятников XI-XII веков.

Ключевые слова: значения слов, расширение значений, сужение значений, исторические памятники, лингвистический фактор, экстралингвистический фактор.

СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУ СЕБЕПТЕРІ (Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері бойынша)

Көне түркі жазба ескерткіштерінің лексикасында да, қазіргі тілімізде де бір мағыналы сөздермен қатар көп мағыналы сөздер жиі ұшырасады. Тілшілер сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болып, семантикалық өрісінің ұлғаюын көп мағыналылық деп таниды. Сөздің бірнеше мағынасы қалай пайда болады деген сұраққа көрнекті тіл маманы К. Аханов мынандай жауап қайтарады: «Адам баласы қоғамының даму барысында тіл де дамиды, оның лексикасы да дамиды. Өзгеру мен даму тілдің лексикасындағы сөздердің мағыналық жағына да қатысты болады. Адамдар өзін қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды, олардың алуан түрлі сырлары мен белгілерін, әрине, бірден танып білген емес. Заттар мен құбылыстар және олардың бір-біріне қатысы мен байланысы, әр түрлі белгілері мен сыр-сипаты адам баласы қоғамының даму барысында біртіндеп танылып отырады. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттілігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі... Сөздің мағыналық жақтан дамуы, мағыналық «жүк» жинауы бүтіндей тілдің дамуы сияқты, жаңа сапа элементтерінің біртіндеп қор жинау жолымен іске асады. Сөздің түрлі-түрлі мағынада қолданылуға икемділігі оның жалпылаушы қасиетімен тығыз байланысты. Сөздің жалпылаушы қасиеті оның бұрынғы негізгі мағынасының үстіне туынды жаңа мағыналардың қосылуына мүмкіндік береді. Мұнан әр түрлі мағынада қолданылуға икемділік сөздің өз табиғатында бар қасиет екені аңғарылады» [1, 96-97].

Демек, сөздің жаңа, қосымша мағынаға ие болуы ұзақ уақытты талап ететін тарихи процесс. Даму, өзгеру барысында сөз мағыналары бірде бірыңғай кеңейсе, бірде бірыңғай тарылады. Кейде кеңею мен тарылу қатар жүзеге асады: бір мағыналары уақыт өте келе кеңейіп жатса, екінші бір мағыналары тарылып жатады. Бұл процесс алғашқы екеуіне қарағанда көбірек кездеседі. ТӨР. Бұл сөздің тура мағынасы – тарихи ескерткіштер тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де – *үйдің есігіне қарама-қарсы жоғарғы жағы*. Биликсизка *төрда* орун болса көр Бу төр илка санды илиг болды төр ҚБ 259 (Наданға төрден орын

берілсе, байқайсың ба, төр босағаға айналады да, босаға төрге есептеледі). Қазір Еркебұлан сол ақ отаудың төрінде жалғыз отыр [ҚТТС, 9-т., 240]. Демек, атам заманнан негізгі мағынаға өзгеріс енбеген.

«Қутадғу билиг» ескерткішінде аталған сөздің ауыспалы екі мағынасы бар. 1. *Ең құрметті орын деген мағынада*. Ағырлады хаджип орун берди төр ҚБ 52 (Хаджип қатты қастерлеп, оған құрметті орын ұсынды). 2. *Қымбат, бағалы деген мағынада*. Бу төрт нәң учуз тутма йүксәк төри ҚБ 85 (Бұл төрт нәрсені арзан санама, өте қымбат). Бірінші ауыспалы мағына қазақ тілінде сақталумен қатар, қолданылу аясы әлдеқайда кеңейген: *елдің төрі, мекеме төрі, мектеп төрі, қызмет төрі, егіндік төрі, аспан төрі* сияқты тіркестерде еркін жұмсала береді. Керісінше, екінші мағына тілімізден мүлде шығып қалған. «Түрікпен төрін бермейді» деген мақалда ғана төрдің аса жоғары бағаланатыны аңғарылады.

АЛТЫН. Түркі халықтары *әдемі сары түсті металды* алтын деп атайды. Бұл ұғым-түсінік барлық ескерткіштерде тұрақты. Алтун күмүш кергаксиз келүрти ДТС 40 (Алтын, күмісті қисапсыз әкелді). Сон алтун ДТС 40 (Сом алтын); Күр ер көрди алтун өзи йумшады ҚБ 204 (Жаужүрек ер алтынды көрді де, жұмсап сала берді). 2. *Алтыннан жасалған ақша, алтын теңге деген мағынада*. Алтмыш алтун алып ДТС 40 (Алпыс алтын алып); Ол мениң бирла бир алтунқа ағышды ДТС 40 (Ол менімен бір алтынға бола айтысты). 3. *Алтыннан жасалған зат, нәрсе деген мағынада*. Алтун йарытмақ ДТС 40 (Алтын жармақ); Алтун етиг ДТС 40 (Алтын әшекей).

Бұлардың арасында «алтыннан жасалған ақша, алтын теңге» деген мағына қазақ тілінде көнерген, пайдаланылмайды. Алтын ақшалардың қоғамдық айналыстан шығып қалуына байланысты оның атауы, көркем әдебиетте, тарихи шығармаларда болмаса, ауызекі сөйлеу тілінде мүлде қолданылмайды. Кейінгі замандардың жемісі болса керек, бұл сөздің қазақ тілінде метафоралану негізінде *қымбат, бағалы, құрметті* деген ауыспалы мағынасы пайда болған. «Ал мінезі бар ғой, қызға бергісіз, не керек алтын адам» деп бағалады бригадир Сабырды [ҚТТС, 1-т., 235]. Сөйтіп, бұл сөздің бір мағынасы қолданыстан шығып қалып жатса, орнына тыңнан басқа бір мағына қосылған.

ҚҰЛ. Құлдық және феодалдық дәуірлерде *басында еркі жоқ, иесіне тәуелді жарлы-жаршыларды* құл деп атаған. Сондай-ақ соғыста қолға түскен тұтқындар да құл саналған. Құл-

дық жүйенің жойылуына байланысты бұл сөздің тура мағынасы қолданыстан шығып қалды. Тарихи әдебиеттерде ғана еске алынады. Бірақ бұл сөздің ауыспалы мағыналары қазірге дейін бұрынғы ұғым-түсінігін сақтап қалып отыр. Феодализм дәуірінде жазылғандықтан көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде аталмыш сөздің тура мағынасы сақталған. Ол өдкә кул куллуғ болмыш ерти ДТС 464 (Ол уақытта құлдар құл иеленушілерге айналып кеткен еді). 2. *Құдайдың құлы, пендесі деген мағынада*. Фаришта битир кул негү қылмышын ҚБ 168 (Періште пенденің не істегенін жазып тұрады); Байат берди кулқа еки көз кулақ ҚБ 214 (Құдай пендесіне екі көз, екі құлақ берді). Қазіргі қазақ тілінде бұл мағынада ешқандай семантикалық өзгеріс жоқ. Мен едім Базарбайдың үлкен ұлы Алланың шыныменен сүйген құлы [ҚТТС, 6-т., 450]. 3. *Бір нәрсеге табынып, соған бағынышты болу деген мағынада*. Киши барча йармақ кулы болдылар ҚБ 183 (Барлық адам ақшаның құлы болды). Дәл осы мағына қазақ тілінде одан әрі дамыған: *дүниенің құлы, ар-намыстың құлы, мақтанның құлы*, т. б. Пайда болған кезеңнен бастап қазірге дейін бұл сөзге сыртқы факторлардың елеулі әсер еткені байқалады.

ОЙЫН. *Балалардың уақытты барынша көңілді өткізетін ермектерін, жан-жануарлардың алаңсыз күй кешіп, бой көтеру мақсатында жасайтын іс-әрекеттерін* халық ойын деп түсінеді. Осы негізгі мағына көне түркі жазба ескерткіштерінде де, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де қамтылмай қалған. Осы тура мағынадан пайда болған туынды мағыналар негізінен көне заманға да, жаңа заманға да ортақ. 1. *Ойын жарысы деген мағынада*. Ол ойунда қалды ДТС 366 (Ол ойын жарысында ұтылып қалды). Біздің заманымыздағы карта ойыны, доп ойыны, теннис ойыны т. б. ойын түрлерінде жарысу семасы бар. 2. *Ойнау арқылы өнер көрсету деген мағынада*. Ырын ойунын ырлайу бүдийү ДТС 366 (Ойын үстінде жыр жарыстырды, би биледі) Бұл мағына да тілімізде бар. Циркте жануарлар ойын көрсетті (Ауызекі тілден). 3. *Музыка ойнау деген мағынада*. Ойун көг арасында айа йапынып көркі йарашы йорыйур ДТС 366 (Музыка ойнағанда ара-арасында қолын шапалақтап қойып, көркі жайнап жүр). 4. *Көңіл көтеру, қызықтау мағынасында*. Ойынқа атынса ажун тутғучы Елин бузды болды өзи қолғучы ҚБ 84 (Егер патша ойынға беріліп кетсе, Елі бұзылады, өзі қайыршыға айналады); Улуғ кичиг қамағ бундун той қапғына теги бардылар улуғ өгрүнчүн ойунун ДТС 366 (Бүкіл халықтың үлкен-кішісі

қалмай, көңіл көтеретін ойын көрсетіп, қатты қуанып, қала қақпасына дейін барды). Бұл сөзге қазақ тілінде бір ғана *әзіл, қалжың* деген тың мағына үстелген. Әуелден мағынасы кеңеюге икемді сөздердің бірі.

ҚҰРСАҚ~ҚАРЫН. Тарихи ескерткіштерде қуруғсақ пен қарын синонимдес сөздер ретінде пайдаланылған. Алайда *қуруғсақтың асқазан мағынасында жұмсалғанына анық та айқын мысалдар бар. Қуруғсақтин өнмиш қарт ДТС 464 (Асқазаннан шыққан жара). Махмуд Қашғари де өз сөздігінде бұл сөздің асқазан мағынасында жұмсалғанын ашып көрсетеді. Ал қарын іш, ішек-қарын мағынасында көп қолданылған. Адығын қарны йарылмыш ДТС 427 (Аюдың ішек-қарны жарылып қалды). Демек, қуруғсақтың тура мағынасы – асқазан, қарынның тура мағынасы – іш, ішек-қарын. Бірақ екеуі де сөздің ыңғайына қарай адамның, жан-жануарлардың ас қорытатын мүшесі, асқазаны деген мағынада, сондай-ақ іш, қарын деген мағынада бірінің орнына бірі жұмсала береді.*

Қуруғсақ зат есімінің мағыналары: 1. *Іш, қарын деген мағынада. Қуруғсақымен қылычын кесіпан ДТС 470 (Ішімді қылышпен кесті). 2. Нәпсі деген мағынада. Татығ барды өчти қуруғсақ оты ҚБ 39 (Тәтті тамақ барып еді, нәпсі оты өшті). Махмуд Қашғари өз сөздігінде қуруғсақ сөзінің құстың жемсауы деген мағынасы да бар екендігін көрсетіп өткен. Құрсақ қазақ тілінде перзент, бала деген мағына бере алады. Әсемкүл алты құрсақ көтерді (Ауызекі тілден). Алайда бұл мағына тарихи ескерткіштерде ұшырамайды.*

Қарын зат есімінің мағыналары: 1. *Іш, ішек-қарын мағынасында. Қарын кибарип бағырсуқлары салынып ДТС 427 (Іші жарылып, ішектері салбырап қалды). 2. Жатыр деген мағынада. Ана қарны манзил қач айлығ амул ҚБ 111 (Ананың қарны [жатыры] бірнеше айлық демалыс орнына ұқсайды). 3. Дене деген мағынада. Йалунуқ тапар қарыңқа ДТС 427 (Күнакар пенде денесіне [сөзбе-сөз мағынасында қарнына] табынады). Материалдық дүниеге рухани дүниені қарсы қойған діни түсінік. Бөлшектің бүтінге айналуынан пайда болған бұл ауыспалы мағына қазіргі тілдерде жоқ. Қазақ тілінің ауызекі сөйлеу салтында «қарынның қамын ойлау» *нәпсісін ойлау мағынасын* береді. Көне заманғы, жаңа заманғы мағыналарын өзара салыстырғанда бұл сөздерде айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтар көп. Екінші жағынан, кейбір мағыналары кеңейсе, кейбір мағыналары тарылған.*

ҰЛ~ҰЛАН. Көне түркілік оғул зат есімі қазақ тілінде ықшамдалып, үнемдеу құбылысының әсерінен ұл болып қалыптасқан. Ескерткіштер тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де *еркек бала, ер бала* деген ұғымда жұмсалады. Бу оғул не тер ДТС 364 (Бұл ұл бала не деп тұр). Изафеттік қолданыста (тәуелдеулі жағдайда) үнемі ұл деген мағына береді. Чығай ер оғлы ДТС 364 (Кей кісінің ұлы). Ата орны аты оғулда қалыр ҚБ 250 (Әкенің үй-жайы да, есімі де ұлына қалады).

Орхон-енисей ескерткіштерінде оғул жалпы мағынада ұлға да, қызға да қатар қолданыла бергені байқалады. Басқаша айтқанда, қазақ тіліндегі бала сөзінің қызметін атқарған. Бала: 1. *Атаның перзент, ұрпақ, тұқым; 2. Нәресте, сәби, бөбек. 3. Жан-жануарлардың күшігі, балапаны* сияқты мағыналарда жұмсалады. Қарынында оғул өлмиш ерсар ДТС 614 (Егер қарынында нәресте өліп қалса); Урағут оғул тоғурды ДТС 614 (Әйел бала туды); кейік оғлы (киіктің лағы), қуш оғлы (құстың балапаны), муш оғлы (мысықтың баласы), арслан оғлы «арыстанның күшігі), бөри оғлы (бөрінің күшігі) т.б. Ежелгі түркі сөздігінен (Древнетюркский словарь) алынған осы мысалдар оғул зат есімінде әуелде жыныстық белгінің болмағанын айғақтай алады. Оның бұлайша әр тарапты қызмет атқаруы алғашқыда аса жалпы мағыналы сөз болғандығынан деп пайымдауға болады.

Жазба ескерткіштердің барлығында да оғул тұлғасы мен оғлан тұлғасының мағынасы тең. Кишиг оғлан ердим бедүтти мени ҚБ 46 (Кішкентай бала едім, мені тәңірі ер жеткізді); Оғлан беләлди ДТС 363 (Нәрестені жаялыққа орады); Үч оғланымын ұлғадтуру умадым-а ДТС 363 (Үш ұлымды өсіріп кәмелетке жеткізе алмадым).

Оғлан сияқты сөздердің құрамындағы -ан, -ен жұрнағы туралы алғаш пікір айтқан ғалым Махмуд Қашғари. Ол жөнінде тіл маманы М. Томанов былай деп жазады: «М. Қашғари ерен сөзінің құрамындағы ен элементін көптік қосымшасы деп түсіндіреді. Бірақ ол мынадай ескерту де жасайды: «...бірақ бұл тұлға аз ұшырасады және қағидаға қайшы. Өйткені көптік қосымшасы -лар, -лер» [1, 71]. Бұған қарағанда, Қашғаридің өзі де -ан/-ен элементтерінің көптік жалғауы екендігіне күмән келтіретін тәрізді» [2, 159].

Оғул, оғлан формаларының қалай пайда болғандығына осы заманғы түркологтар да едәуір көңіл бөлген. Бұл жөнінде Э. В. Севортян былай деп жазады: «Этимология оғлан предлагалась по крайней мере начиная с Г. Вамбери, согласно которому в основе значения слова лежит не поня-

тие «ребенок человеческого коллектива», а понятие «детеныш», «отпрыск» вообще, в связи с чем слог ок, оғ является смежной формой к глаголу ток (рождаться), потерявшему свой дентальный анлаут» . Э. В. Севортян бұл пікірді К. Локоч пен А. Демирчизаде қолдағанын айта келіп, тағы да екі түрлі тұжырым жасалғанын баяндайды: В. Банг -н-ді кішірейту ұғымын беретін форма деп есептесе, Г. Дерфер көптік ұғымын берген аффикс деп санайды. Алайда түркологтардың көпшілігі бұл жорамалдарға күмәнмен қарайды [3, 411-412].

Б. Сағындықұлы көптеген сөздердің басында көне заманда дауыссыз т және с дыбыстарының жүйелі түрде элизияға ұшырағанын дәлелдей келе, туғул-(~туғур) етістігінен оғул зат есімінің пайда болғанын нанымды дәлелдейді [4, 4-5]. Ғалымның түсіндіруі бойынша, -ан/-ен етістіктен есім жасайтын жұрнақ. Алайда ол уақыт өте келе кейбір сөздерге сіңісіп, бұрынғы грамматикалық мәнін жойып алған. Қазақ тілінде сөз басындағы т қатаңы, сөз соңындағы -ан жұрнағы элизияға ұшыраған. Сонда бұл сөздің эволюциялық дамуының кестесі былай өрнектелген: туғул-> уғул > ұғұл > ұұл > ұл. Ұлан да осы тектес жолмен дамыған: туғулан > уғулан > ұғулан > ұулан > ұлан.

Ер бала, еркек бала деген ұғымды қазақ тілі де сақтап қалған. Алайда оғул > ұл «халық қамын ойлайтын ер азамат» деген мағына қосып алса, оғлан > ұлан «жас өспірім, жеткіншек, өрен» деген мағынаны үстеген. Бұдан аталған сөздің бір жағынан тарылса, екінші жағынан кеңейгенін көреміз.

Жоғарыдағы талдаулардан сөз мағыналарының дамығаны, өзгергені анық аңғарылады. Мұндай өзгерістердің, айырмашылықтардың тууының басты себептері неде деген сұраққа қазақ тіл біліміндегі белгілі мамандардың бірі Т. Қордабаев былай деп жауап қайтарады: «Тілді қатынас құралы ретінде қолданушы қауым әрқашанда өзін қоршаған, үнемі қозғалыс, даму үстіндегі ақиқат өмірмен, әлеммен қарым-қатынаста болады. Одан үздіксіз жаңа әсер, жаңа

ұғымдар алып, өз түсінігін, өзінің ой-санасын дамытып отырады. Олай болса, сол дамып отыратын ой-сананың көрсеткіші, қалыптастырып жарыққа шығарушысы – тілдің бір қалыпта тұрып қалмайтыны табиғи.

Тіл өзінің қоғамдық қызметі арқасында тынымсыз қозғалыс, әрекет үстінде болады да, соның нәтижесінде қоғам сынына түсіп, өмір талабына сәйкестеніп отырады» [5, 133-134].

Алайда тіл бірнеше қабаттан тұрады. Әр қабат әр түрлі сипатта дамиды, қайта қалыптасады. Осылардың арасында, әсіресе, сөздік құрам өзгеріске бейім тұрады. «Сөздік құрамның тілдік категориялар ішіндегі ең бір өзгерімпаз, дамығыш сала болатын себебі – дейді одан әрі Т. Қордабаев, – ол адамдардың қоғамдық өмірінің барлық саласымен, күллі тіршілігімен тікелей байланысты, қоғам өміріндегі өзгерістерді, жаңалықтарды тез қабылдайды және дереу, тікелей атап көрсетеді» [5, 146].

Осы айтылған ой-пікірлер, тұжырымдар біз қозғап отырған мәселенің болмысын толық ашып тұр.

«Жаңа сөз, жаңа мағына, жаңа тіркес тілде қоғамның, оның шаруашылығының, өндірісінің, мәдениетінің дамуына байланысты пайда болады» [6, 33], – деп жазады тілші Р. Барлыбаев. Ескерткіштер жазылған кезеңнен бері өткен мың жылға тақау уақыт сөздерге өз таңбасын салған, жаңғыртқан, жасартқан. Көптеген сөздер атағыштық қызметінің көлемін, мағынасын кеңейту арқылы жаңа ұғымдарды бейнелей алған. Осыдан келіп көне сөздер мен жаңаланған сөздердің арасында елеулі айырмашылық пайда болған. Сөз мағыналарының тарылуы көбіне бұрынғы қоғамдық түсінік пен қазіргі қоғамдық түсініктің сәйкес келмеуіне байланысты туындап отырған. Дерексіз мағыналардың нақтылануы да осы процеске үлес қосқан. Осы аталған екі жағдай белгілі бір сөздің бойынан табылғанда «мағыналардың әрі кеңейіп, әрі тарылуы» деп түсіндік. Мағыналар қалай кеңейіп, қалай тарылған деген сұраққа жоғарыдағы талдаулар жауап бере алады.

Әдебиеттер

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978.
- 2 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі.
- 3 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974.
- 4 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994.
- 5 Қордабаев Т.Р. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Мектеп, 1975.
- 6 Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы: Мектеп, 1968.

- 7 Древнетюркский словарь (ДТС). – Ленинград: Наука, 1969.
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.

References

- 1 Ahanov K. Tilbilimin negizderi. Almaty. Mektep, 1987
- 2 Aidarov G., Kurushjanuly A., Tomanov M. Koneturkijazbaeskertkishteritili.
- 3 Sevortyan E.V. Etimologiceskiislovarturkskihiazykov. Moskova. Nauka. 1974.
- 4 Sagyndykuly B. Kazak tilileksikasidamuininetimologialyknegizderi. Almaty. «Kazak universiteti», 2005.
- 5 Kordabaev T.R. jalpytilbilimi. – Almaty: Mektep, 1975.
- 6 Barlybaev R. Kazak tilindesoymagynalarynykeneyui men taryluy. – Almaty: Mektep, 1968.
- 7 Drevnetuyrskii slovar (DTS). – Leningrad. Nauka. 1969.
- 8 Kazak tilinintusindiemesozdigi. 1-10 tom. – Almaty: Gylym, 1974-1986.